ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 желтоқсаны № 7119-24-00-2/16006 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Жанәділова, азаматтық ісін оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУПАКЕРЛЕР:
Қаппарова Сара жеке кәсіпкері
«ТІМ – NT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінің «11567 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер Қаппарова Сара жеке кәсіпкеріне, «ТІМ – NT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы, қанағаттандырылсын.

Қаппарова Сара жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Қаппарова Сара жеке кәсіпкерінен мемлекеттік бюджет пайдасына 47,28 (қырық жеті) теңге, 28 тиын, және 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге баж салығы өндірілсін өндірілсін.

ТІМ – NT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ТІМ – NT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттік бюджет пайдасына 2975 (екі мың тоғыз жүз жетпіс бес) теңге, және 1935 (бір мың тоғыз жүз отыз бес) теңге баж салығы өндірілсін өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Көкшетау қалалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья Жанәділова Р.Б.

Құжатқа қол қойылған: Жанадилова Р. Б., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 31.01.2025, судья Жанадилова Р. Б., 12.02.2025

7119-24-3-1/15513